



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
АРАБТАНУ ЖӘНЕ ИРАНТАНУ КАФЕДРАСЫ

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF ORIENTAL STUDIES
DEPARTMENT OF ARABIC AND IRANIAN STUDIES

«ПРОФЕССОР Ө.КҮМІСБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
80 жылдығына және ф.ғ.д., профессор Өтеген Күмісбаевтың
75 жылдық мерейтойына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 3 сәуір 2014 жыл



MATERIALS

of the international scientific-practical conference

«PROFESSOR KUMISBAYEV'S CREATION AND THE ORIENTAL STUDIES PROBLEMS»

Almaty, april 03, 2014

ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	77
Жумадилова Г.Т., Шупанова Р.Э.	
ВЛИЯНИЕ ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКА НА ПЕРСИДСКИЙ ЯЗЫК ИРАНА	79
Ибраимова А.Р.	
КОНФУЦИЙ МЕН АБАЙДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, САЯСИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	84
Кенжебаева А.Ә.	
ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ СОМДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	89
Қоңырбай А.Р.	
САНАИ ГАЗНЕВИ И ЕГО ВЕК.....	91
Қортабаева Г.	
ЗЕРТТЕУШІ С. ҚОНДЫБАЙДЫҢ «АРҒЫҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҚЫДЫР ЖӘНЕ ҚОДАР БЕЙНЕСІ	95
Мадиев Д.Ә.	
КӨНЕ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ЕТІСТІКТЕР КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН КОНСТРУКЦИЯЛАР.....	97
Махмутов Т.	
ӘБІЛҚАСЫМ ФИРДОУСИДІҢ ШАХНАМА МҰРАСЫНДАҒЫ СҰЛТАНЫ МАХМУТ ҒАЗНАУИДІҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ	102
Мейірбеков Д.Е.	
ИОРДАНИЯДАҒЫ ПАЛЕСТИНАЛЫҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛЫ.....	104
Мен Д.В.	
КОРЕЙЦЫ: ОТ РЕПРЕССИЙ ДО СОВРЕМЕННОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	107
Момынқұлов Ж., Рахимбаева Р.	
ТҮРКИЯ МЕН ИРАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ.....	113
Мұстафаева К.	
МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚТАРДЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ («Китәбун фи риязәтул-хәйл» шығармасы негізінде).....	116
Мұстафаева А.А., Күшербаева А.Ж.	
НЕКОТОРЫЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ЛЕКСИЧЕСКОГО ЗАИМСТВОВАНИЯ.....	118
محمد محمد أحمد عبدالباري	
قراءات قرآنية عارضها بعض النحويين.....	121
Нұрқалыкова Ж.А.	
АРАБ ГАЗЕТ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	130
عمر عبد الكريم علي	
صور وعوامل التواصل بين الأدب العربي والآداب الأخرى.....	136
عثمان عبد الرحمن عبد اللطيف	
أثر تطوّر العلاقات الثنائية في فتح السبيل لتلاقح الثقافات.....	139
Палтөре Ы. М.	
«МЫҢ БІР ТҮН» ЖИНАҒЫНДАҒЫ ҚҰРАН МӘТІНІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН КЕЙБІР САРЫНДАР.....	149
Рысжанова Э.	
ХАФИЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒАЗАЛДАРЫ.....	153
Салқынбаев М.	
Ө.КҮМІСБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР МӘСЕЛЕСІ.....	156
Тұяқбаев Ө.О.	
ПАРСЫ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ.....	161
وليد عبد المنعم محمد عيد	
التشويق في البلاغة العربية بين النظرية والتطبيق.....	164
Шалқаров Д.Б.	
ОРТА АЗИЯ ИСЛАМ ТЕОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ АБУ МАНСУР АЛ-МАТУРИДИ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН КАЛАМДЫҚ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ	169
Шатекова Г.Қ.	
КОРЕЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ӘСЕРІ	172

представлены рубаи поэта.)

3. «Литература Востока в средние века» (тексты) / Под ред. Н. Сазановой. М., издательство МГУ – «Сиринь», 1996; стр. 59-64.
4. Абу-ль-Маджд Санаи. Поэма «Путешествие рабов божьих к месту возврата» / Пер. сперс., вст. статья и комм. К.Сергеева. М., «ФАЗИС», 2002. Работа выполнена на кафедре иранской филологии Таджикского национального университета. Научный руководитель: кандидат филологических наук, доцент «Поэзия народа СССР IV-XVIII веков» (сборник) / Вступ. статья и сост. Л. Арутюнова и В.Танеева. М., «Художественная литература», 1972 Библиотека всемирной литературы, том 55-й; С. 196-200.
5. «Плоды щедросердия» (сборник) / Сост., подстрочный пер. с фарси, словарь и примечания Г.Алиева и Н.Османова. М., «Художественная литература», 1979; С. 75-94.

Г. Қортабаева

филол.ғ.к., доцент әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ЗЕРТТЕУШІ С. ҚОНДЫБАЙДЫҢ «АРҒЫҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҚЫДЫР ЖӘНЕ ҚОДАР БЕЙНЕСІ

В статье рассматриваются вопросы семантики образов Кыдыра и Кодара, поэтапно отслежена связь образов казахских легенд с тотемическими культами, исследованы также другие аспекты мифа. Труды С. Кондыбая в судьбе национальной мифологии также велико, как велика роль любого выдающегося политического деятеля, смелого реформатора, вдохновенного художника, воплощающего в своих идеях дух и суть времени.

Ключевые слова: мифический образ, праформа, суфийская терминология, этимология.

The article examines the semantics of images Kydyr and Kodar, gradually traced images Kazakh legends connection with totemic cults also examined other aspects of myth. Proceedings S. Kondybai the fate of the national mythology as great as great role any outstanding politician, bold reformer, inspired artist, embodies the spirit of his ideas and the essence of time.

Keywords: mythical image, Protoform, Sufi terminology, etymology.

Қазақ «Хидр» немесе Хизр есімін «Қыдыр» түрінде таниды, біледі. Сопы ғұламаларының пайымына сүйенсек, Хидр яғни Қыдыр ата – сопылардың қамқоршысы болып та, олардың құпия жетекшісі болып та есептеледі. Мұсылман сопылар Хидр есімін мұсылмандарға да, христиандарға да жақсы танымал тұлға – әулие Георгиймен сәйкестендіреді, яғни «Әулие Георгий ордені» деген атау сопылық терминологияға сәйкес «Тарика-и- хадрат-и- Хидр» деп аталады. Сондай-ақ, Қыдыр бейнесі Ілияс пайғамбармен де сәйкестендіріледі, оның қосарланған есімін қазақ фольклорынан, әсіресе батырлық эпосынан жиі кездестіруге болады. Ауыз әдебиетінің әр түрлі жанрларында аты аталғанымен, сипаттамасы жұпынылау болып шыққан Қыдыр атаның бейнесін толығырақ түсіну қажет екендігін айтып жатуымыздың өзі артық болар, сондай-ақ осындай есімді бейненің қандай шыққандығын С.Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясынан» (4 томдық) іздейміз.

Маңғыстаулық көрнекті зерттеуші Серікбол Қондыбай «Маңғыстау географиясы», «Қазақ мифологиясына кіріспе», «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары», «Қазақ даласы және герман тәңірлері», «Есен-қазақ», «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі», «Казахская мифология», «Эстетика ландшафтов Мангистау», «Маңғыстау-нама» сияқты еңбектер жазып, көрнекті қазақ ғалымдары Қ. Салғараұлы мен А. Сейдімбектің пайымдауынша, “Еуразияның ұлы даласында дәурен сүрген салтанатты көшпелілер өркениетінің тарихы мен мәдениетін, түркі тектес халықтардың адамзат тарихындағы өзіндік орнын жаңаша парықтаған бұл еңбектер байсалды ой тұжырымдарымен жұртшылық назарын аударып білді” [1, 7].

Қодардың бейнесін қазақ жақсы біледі, сондықтан да, ауыз әдебиетінің шығармаларында көбінесе жағымсыз сипатқа ие болған Қодарды тек қана жағымды жағынан көрінетін Қыдырмен сәйкестендіру сырт көзге қисыздау, жөнсіздеу болып көрінеді. Расында да, жамандық пен жауыздық атаулының символына айналған Қодарды адам баласына бақ-береке сыйлайтын Қыдырмен сәйкестендіріп қисынға келе ме екен ?

«Қазақ қазақ болғалы» Қодарға жағымсыз сипат беріп келеді, соған қарамастан мен «қазақтың қазақ болғанға» дейінгі заманында оны жағымды кейіпкер деп есептеуі мүмкіндігін жоққа шығара алмаймын» дейді зерттеуші С.Қондыбай [1, 353].

Біз осы пікірді басшылыққа алып, С.Қондыбайдың Қыдыр бейнесі мен Қодар бейнесін салыстыруынан қандай ғылыми тұжырымға келеміз. Ең қарапайым салыстыру Қыдыр есімінің қазақ фольклорлық шығармаларда Қодардың есіміне ұқсас екендігінен көрсетеді: «Қыдыр» және «Қодар».

1. Қыдыр – су құюшы, аяқшы.

Зерттеуші С. Қондыбаев өз еңбегінде Қыдыр атаның сумен байланысы жөніндегі аңыздардың бірінде: «Қыдырдың жер асты еліне барып, сол жақтағы тірі судың қайнар көзін тауып алғандығын, сол көздің суынан ішіп мәңгілік өмірге ие болғандығы», жайлы баяндалатынын айтып өткен. Сонымен қатар Қыдыр – шөлдің аптап ыстығынан қаталаған жолаушыларды шөлден аман сақтап қалушы [1].

Осындай екі мәлімет арқылы Қыдырдың сумен байланысты екендігін С. Қондыбаев өзінің осы еңбегінде дәлелдеуге тырысқан. Қыдырдың жер асты еліне барып, сол жақтағы «тірі су» көзінен су ішуі оқиғасы азын-аулақ егжейтегілік айырмашылықтарын есептегенде, «Батыстағы Шешей» бейнесімен байланысы бар мергеннің оқиғасын қайталайды. Бұдан С.Қондыбаев: «Қыдыр да Көкімбет немесе Хоу – И сияқты мифтік мерген бейнесіндегі кейіпкер бола алады; осыған орай әлгі мергендерге байланысты сипаттарды Қыдырға да қатысты деп қарастырудың да реті келеді» деп батыл болжам жасайды.

«Қыдыр ата Орденіне» немесе онымен байланыстырылып жүрген «Алқа орденіне» қатысты «кравчий» және «виночерпий» [1] ұғымдарының, сопылық мағыналық астарынан басқа, «дастархан басына» жиналғандар үшін әлдебір «сұйық құйып тұрушы» дегенді білдіретіндігін ескерсек, нақ осы функцияға сопылардың пірі болған Қыдырдың иелік еткенін топшылауға болады [1,355-6.].

Ортағасырлық парсы және түркі тілді әдебиеттерде «сақинама» (шарап құюшыға арналған жыр) жанр болған. Сақи – шарап құюшының, дастархан жайылуын қадағалайтын кісінің парсыша аталуы, ал қазақ тілінде иманды, парасатты адамдарды «сақи», парасаттылықты «сақилық» деп атайды. Сақинаманың негізгі тақырыбы - бұл өмірдің жалғандығы мен өтпелілігі туралы, өткен заманның ұлылығы туралы, шарап құюшыны мадақтау болып табылады. Мұндағы басты идея – өмірдің ауыртпалығынан азат ететін, ұмыттыратын шарап пен шарапшыны мадақтау. Бұл жердегі шарап та шарап құюшы да өздерінің тура мағынасындағы ұғымдар емес, ауыспалы мағынасында қолданылып тұрғаны жайында С.Қондыбаев еңбектерін мәлімет аламыз. Шарап – Нұрдың нәрі болса, шарап құюшы – сол нәрден ауыз тигізуші екені жайында да зерттеуші біраз мәліметтер айтып өткен.

Қожа Хафиздің сөздерін аударған Шәкәрім «Сақи» сөзін «аяқшы» деген сөзімен «шарап» сөзін «қымыз» сөзімен тәржімелеп берген:

Кел, аяқшы, қымыз құй,

Кесемізді нұрландыр.

Домбырашы, тартшы күй,

Бізге уақыт берді қыр...

Кел, аяқшы, қымыз құй [2, 400-408]

Бұл жерде Қыдыр «сусын құйып беруші», «аяқшы», «қымызшы» бейнесінде көрінеді. Қыдырдың осы қызметін қазақ, басқа да дәстүрлердің мысалдарынан көруге болады. «Осы мәселені жақсы түсіну үшін дарындылықтың немесе таланттың даруы жөніндегі халықтық келтірімдермен танысып алуымыз қажет, Қыдыр беретін сұйық – Ілкі төрдің нұрының нәрімен байланысты», деп болжам жасайды.

2. Қодар да – су құюшы.

Салыстыру нысанына айналған мифтік эпостағы Қодардың «су құюшылығы» жөнінде сөз қозғап көрелік. «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жырындағы Қодардың басты «қызметі» – «құдық қазу» және «су тасу». Баян сұлудың әкесі Қарабай оған: «жылқыларымды шөлден аман өткізсең, қызым Баянды берем» деп уәде еткенін бәріміз білеміз. Көп жылқыны шөлден аман алып өту үшін, Қодар «әр жерден жүз кісілік құдық қазады» суы жоқ жерге меспен су тасиды [3,71].

Енді «Қодар» есімінің этимологиясына келейік. С. Қондыбаев бұл жерде, алдыңғы қисынға байланысты «су» мәселесін этимологиялық негіз деп алып, оны қазақтағы «қотару» сөзімен байланыстырған, яғни «қотару» етістігі тек қана сұйыққа емес, сол сұйықты сақтайтын ыдысқа да байланысты болып тұр. «Қодар» есімін де, алдымен, осындай «сұйық құюшыға» байланысты етіп қарастыруға болады. Осындай шендестірудің қисындылығы аясында, «Қодар есімі мен «құдық»

сөзінің түбірлес болып шығуы да қисынды. Ал «құдық» сөзінің түбірлік плаформасы – «құн/құңғ». Бұл праформадан «құң / құңғ» ~ «құй» ~ «құдз» ~ «құд» өзгерісі нәтижесінде: «құдық» және «құй» сөзі қалыптасады: *құю құйғыш, құйын, құйылыс*. Маңғыстаулық топонимияда «құю» сөзі «құдық» дегенді білдіреді.

Сонымен, жырларда кездесетін «Қыяс» деген кейіпкердің есімі де осы түбірден шығуы мүмкін, өйткені, жырдағы «Қырда Қыяс пайғамбар, ойда Ілияс пайғамбар» деген жолдардағы пайғамбар туралы «имя мифического героя в домусульманской мифологии, считавшегося покровителем и исцелителем людей, а также покровителем озер и гор» деп түсіндіріліп, оның да сумен байланыстылығы көрсетіліпті [4]

Серікболдың зерттеуі бойынша, «құң / құңғ» праформасының бір фонетикалық нұсқасы «қоң / қоңғ» болса, оның ұяң нұсқасы «көн/көңг»; осы нұсқадан «көн» ~ «көнек < «су құятын ыдыс» атауы шыққан.

Семантика жағынан «құң/құңғ» түбірінің мағынасы *сұйық, сұйықты сақтаушы, сұйықтың қайнар көзі, көз* дегенді білдіреді.

Міне, осындай қисындар ауқымында «Қодар» есімінің де этимологиясы «қайнар немесе көз» мағынасына ие «құң/ құңғ» праформасынан шыққандығына сенуге болады. Серікбол «ар» түбірін есім немесе этноним жасаушы формант деп қарастырады да, осы форманттың «ер», «ыр», «ұр», «ор» сияқты т.б нұсқаларының болуымен қатар «аз», «ез», «ұз», «ыз», «оз» сияқты нұсқаларының бар екендігін де ескере отырып, «Қодар» есімінің «Қодұр», «Қотар», «Қотыр», «Қотұр», «Құтар», «Құтұр», «Қодаз», «Құдұз» сияқты т.б есім нұсқаларының болатындығын негіздейді.

Осылайша, Серікбол Қондыбай «су құюшы» Қодар мен «су құюшы» Қыдырдың функциялық жағынан да, тегі жағынан да бір бейне, бір түпнұсқадан өрбіген бейнелер екендігін дәйектейді.

Ал, егер «Хдр», «Хидр» түбіріне тоқталар болсақ, Ыдырыс Шах өз кітабында «хдр» түбірінен өрбіген «хадир», «худар ла фи хи», «хидар», «хидир», «эл- худрат», «ахдар», «хадра», «эл- хадра», «эл- ахадир» ұғымдарына сипаттама берген [5], бірақ «хдр» түбірін талдамаған.

Зерттеуші С. Қондыбай, осы Қыдыр атаның (Хадир, сондай-ақ эл- Хадир, эл- Хидр, Хизр деп те атала береді), оның есімінің жалпы мұсылмандық сипатқа ие болғанына қарамастан, теңізде сапар шегушілердің қамқоршысы; құдықтар мен өзен суларының иесі деген сипаттамалардың ар жағында байырғы түркілік Қодардың жатқандығын сенімді түрде айтады.

Автор бір кітабында біздің кім екендігімізді естен шығармай, өткен заманның ұмыт болған қабаттарының бетін аршып алуға, естен шыққан рухты, киені, ділді, танымды еске түсіруге мүмкіндік беретін мифологияға оралуды ұсынады.

Қорытындылай келгенде, Серікбол Қондыбай қазақ санасының өлмес архетиптігін ояту арқылы, көкбөріден тараған бабаларымызға қанат бітіріп, ерлікке бастаған «басқа» («мәңгілік қазақ») – «ішкі қазақты» немесе «арғықазақты» тірілту, бүгінде демі үзілуге шақ қалып тұрған, әйтсе де қанымызда өлмей сақталған биік қасиеттерді ояту» екендігін айқындайтын осындай «Арғықазақ мифологиясы» атты 4 томдығын ұрпағына аманат етіп кетті.

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004
2. Шәкәрім. Шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 1988.
3. Рахманқұл Б. Эпос мұраты. – Алматы: Білім. 1997
4. Қобыланды – батыр. Казахский героический эпос. – М.: Наука, 1975
5. Идрис Шах. Суфизм. – М., 1994

Д.Ә. Мадиев

оқытушы, эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

КӨНЕ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ЕТІСТІКТЕР КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН КОНСТРУКЦИЯЛАР

В данной статье дается информация о конструкциях, созданные с некоторыми особыми глаголами древнекитайского языка. Освоение данных конструкции дает возможность чтения и правильного понимания текстов написанных на древнекитайском языке.

Ключевые слова: древнекитайский язык, грамматика, глагол, конструкция.